**Ортаңғы №2 «Күншуақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы**
**Қаңтар айы, ІІ-апта (11.01. -15.01.2021ж. )**

**Өтпелі тақырып:" Бізді қоршаған әлем."**
**Апталық тақырып:"Біздің үйдегі жиһаздар."**
**Мақсаты:** Балаларға қоршаған әлем туралы түсініктерін кеңейту. Қоршаған ортаның әдемілігімен оған деген қамқорлық қарым-қатынасқа байланысты мейірімді сезімдерге тәрбиелеу.
**Міндеті:** Қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерген баланың тұлғасын дамытуға, адамгершілік нормаларды сезінуге, төзімділікті және түрлі адамдарға құрмет танытуды қалыптастыруға ықпал етед

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі 11.01.2021ж. | Сейсенбі 12.01.2021ж. | Сәрсенбі 13.01.2021ж. | Бейсенбі 14.01.2021ж. | Жұма 15.01.2021ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата – аналармен әңгімелесу** | 8.00-8.40 | Ата-аналар мен балалармен амандасу. Балаларды қабылдап, t өлшеу, тазалығын тексеру. | | | | |
| **Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)** | | **Саусақ жаттығуы:** Саусақтарымызды бір-бірлеп тұрғызып, аттарымен таныстырайық. Бас бармақ Балаң үйрек, Ортан терек, Кішкене бөбек, Шылдыр шүмек | **Дидактикалықойын: "Қуыршақты киіндір"** **Мақсаты:**Жыл мезгіліне байланысты киімдерді таңдай білу. Есте сақтау қабілетін дамыту. | **Дидактикалық ойын: "Түсі қандай?"** **Мақсаты:** Балаларға түстерді үйрете отырып, оларды ажырата білулерін дамыту. | **Дидактикалық ойын:** "Бұл қай кезде болады?" **Мақсаты:** Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау, пысықтау тиісті белгілерін атату. | **Санамақты үйрету.** **Мақсаты**: Тілдерін жетілдіру,санамақты жаттау, есте сақтау қабілетін жетілдіру |
| **Таңертеңгілік жаттығу** | | **Ертеңгілік жаттығу кешені:"Құстар қанат қағады"** | | | | |
| **Таңғы ас** | | Балаларға қолды дұрыс жууға, құрғатып сүртуге үйрету. Таза және ұқыпты тамақтануға қасық, кесе, сүлгіні орынды қолдануға және тамақтану кезінде аузын жауып жеуге үйрету. Балаларға тамақ ішкенде жан –жағына алаңдамай отыруға дағдыландыру.Тамақ ішіп болған соң майлықты қолдандыру. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырыған оқу – қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | 8.40-9.15 | **Дидактикалық ойын:"**Көкөністерді құрастыру.<br>Мақсаты:Балалардың есте сақтау қабілетін арттыру,көкөністерді ажырату. | **Дидактикалық ойын:"Пішіндерді тап"**<br>Мақсаты:Пішіндерді ажырату,пысықтау Балаларға берілген тапсырманы дұрыс орындауға тәрбиелеу. | **Дидактикалық ойын:**<br>**«Бұл қандай түс?»**<br>Мақсаты: Балаларға түстерді ажыратуға үйрету | **«Мені кім шақырды?» ойыны**<br>**Мақсаты:**<br>Өз құрбы-құрдастарының дауысын тани білуді дамыту. | Суретке қарап әңгіме құру.<br>Мақсаты:сөйлеу қабілетін дамыту,сұрақтарға жауап беру. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырлған оқу қызметтері** | 9.15-10.20 | **1"Қатынас"**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Айгүлге арналған диван» (шығармашылық тілді дамыту)**<br>**Мақсаты:** Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс атап айтуға, сөздік қорларын молайту, достыққа тәрбиелеу, заттың санын және көлемін білдіретін сөздерді меңгерту, үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға үйрету, жиһаздарды күтуге тәрбиелеу.<br>**2"Шығармашылық**<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Жиһаздар»**<br>**Мақсаты:** Балаларға заттарды көлемі, | **2."Денсаулық"**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Отырғыштар мен ойындар»**<br>**Мақсаты:** Жиһаздар жөнінде әңгімелей отырып, сапта бір бірден жүріп, сапта барлығы бірге ширақ және ырғақты қозғалып, музыка әуенімен маршпен жүруді үйрету. Сатының тақтайшарынан аттап жүру, тізелерін жоғары көтеру және екпінді қимылымен аяқтың басына тұру, денесін түзу ұстау, тұрақты тепе-теңдікті сақтау білігін бекіту<br>**3"Шығармашылық**<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы**<br>**«Бөлмемдегі жиһаздар»** | **1."Денсаулық"**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы«Сыйқылы сандықша»**<br>**Мақсаты:** Жиһаздың пайдасын түсіндіру. Шеңберге тұруды үйретуді жалғастыру. Ырғақты қимылдап және музықалық шығарманың әрбір бөлімінің басы мен аяғын белгілеп отырып бәріне бірге музыка әуенімен маршпен жүру. Көлбеу тақтай бойымен еңбектеуге жаттықтыру<br>**2."Қатынас"**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Айна» ертегі**<br>**Мақсаты:** Балаларды ертегіні түсініп мазмұнын мәнерлі айтуға үйрету, сөйлеуге, әңгімелей білуге үйрету. Балаларды ертегі | **2."Денсаулық"**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Ұшатын кілемше»**<br>**Мақсаты:** Сапта бір - бірден жүріп, сапта барлығы бірге ширақ және ырғақты қозғалып, музыка әуенімен маршпен жүруді дағдыландыру.<br>Қолбеу тақтай бойымен еңбектеуге жаттықтыру.<br>**1."Таным"**<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Тиінге арналған жиһаз»**<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың жиһаздар туралы түсініктерін нақтылау, жиһаз бөліктері туралы | **2"Шығармашылық**<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Түрлі – түсті теледидар»**<br>**Мақсаты:** Мөлшерлері әртүрлі бөлшектерді салу және жапсыру жолымен теледидар бейнесін жасауды үйрету. Геометриялық шаршы фигурасын тани білуді бекіту. Көзбен мөлшерлеуді назар салуды, кеңістікте және парақ үстіне бағдарлай білуді үйрету.<br>**2."Әлеумет"**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:** «Біздің үйде әдемі жиһаздар бар»<br>**Мақсаты:** Балаларды қоршаған ортадағы заттардың атаулары мен олардың міндеттерімен, үй жиһаздарымен, олардың жасалу материалдарын |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | пішіні, түсі бойынша әр түрлі болатынын көрсете отырып, сөздегі үлкен-кіші, шаршы, шеңбер, сопақша пішіндерін сонымен қатар түстерді ажырата білу қабілеттерін әр түрлі ойындар арқылы қалыптастыру.<br>1)**Әдіс-тәсіл**:<br>1.Амандасу.<br>2.Көрнекілік,жиһаз-ойыншықтар арқылы жиһаздың түрлерімен,атауымен таныстыру,түсіндіру.<br>3.Айгүлге қонаққа бару үшін,сыйлыққа диваналамыз.Дукенн ен диван сатып алу.<br>4.Д/ойын:"Дүкенші"<br>5.Сергіту сәті.<br>6.Сұрақ-жауап,мадақтау.<br>2)**Әдіс-тәсіл:**<br>1.Жұмбақ жасыру.2.Ішке аю келіп,д/ойын:"Үлкен-кіші"ойынын ойнатады<br><br>3.Қостілділік**:**үлкен-большой,кіші-маленький.<br><br>4.Қ/ойын:"Сандарды тап"кубик арқылы<br><br>5.Сергіту сәті. Сұрақ- | (А. Айтуова)<br>**Мақсаты:** Музыкаға деген қызығушылықтарын оятып, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру. | желісі арқылы адамгершілікке баулу<br>**2"Шығармашылы қ"**<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Кілемшені әшекейлеу»**<br>**Мақсаты:** балалардың тұрмыстық заттардың әдемілігін байқап білуге үйрету арқылы кілемшені түзу және ирек сызықтармен әшекейлей білуге үйрету. Әсемдікті сезіне білу арқылы эстетикалық тәрбие беру.<br>**Әдіс-тәсіл:**<br>1.Жұмбақ жасыру.<br>2Ішке әже келеді.Әже "Айна"атты ертегісін ала келіпті.<br>3.Ертегініңмазмұнын түсіндіру,сөздерін қайталату,түсінік сұрау.<br>4.Сергіту сәті<br>5.Әжеге арнап кілемшенің суретін әшекейлеп сыйлыққа тарту етеміз.<br>6.Д/ойын:"Ертегіні тауып бер".кубик.<br>7.Сұрақ-жауап мадақтау. | білімдерін бекіту, тілін, зейінін, логикалық ойлауын дамыту, жиһаздарды күтіп – баптауға тәрбиелеу<br>**Әдіс-тәсіл**:<br>1.Амандасу.<br>2.Жұмбақ шешу.<br>3.Тиінге жиһаздармен таныстыру.<br>4.Д/ойын:"Жиһазд ар дүкені"<br>5.Сергіту сәті<br>6.Сұрақ-жауап,мадақтау.<br><br>. | таныстыру. Жиһаздарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсіл:**<br>1.Амандасу.<br>2.Көрнекілік арқылы жиһаздардың атауларын атау.<br>3.Д/ойын:"Кім көп біледі?"<br>4.Түрлі-түсті теледидарды қағаз бетіне жапсыру.<br>5.Сергіту сәті.<br>6.Сұрақ-жауап,ма дақтау. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жауап,мадақтау. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | 10.20-10.40 | Киімдерін ретімен киюге үйрету.Киімді дұрыс орнына жинауды жалғастыру,бір-біріне көмектесіп алғыс айтуға тәрбиелеу. | | | | |
| | 10.40-12.00 | **1.Қардан кейін жерді бақылау.** **Мақсаты:**Қардың үстінде қалатын іздерді тамашалау. **2Еңбек:**Ойын алаңын реттеу. **3.Қимылды ойын**:Ақ серек,көк серек. **4.Жеке жұмыс:**Айназ бен Аминаттан қыс айларын сұрау. **5.Еркін ойындар:** | **1.Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау.** **Мақсаты:** Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту. (қар жаууы, суық соғу) **2.Еңбек:**Аланды жинау. **3.Қимылды ойын:** "Жалаушаға қарай жүгір." **4Жеке жұмыс**. Мадина мен Нұрасылдан түстерді сұрау. **5.Еркін ойындар** | **1.Көліктерді бақылау.** **Мақсаты:**Көліктердің пішінін,түсін ажырату.Биік-аласа ұғымдарын бекіту. **2.Еңбек:**Ойын алаңын жинастыру. **3.Қимылды ойын:** «Торғайлар мен автокөлік» **4.Жеке жұмыс:** Айзере мен Бекжаннан пішіндерді сұрау **5.Еркін ойындар** | **1.Күнді бақылау.** **Мақсаты:**Бұлттардың арасынан күннің көзі сиреп қалғанын бақылау. **2.Еңбек:** Ойын алаңын реттеу **3.Қимылды ойын:**"Пойыз" 4.**Жеке жұмыс:** Мадинадан қысқа арналған киімдердің түрлерін сұрау. **5.Еркін ойындар** | **1.Құстарды бақылау.** **Мақсаты:** Қыстап қалатын құс – торғай туралы білімдерін дамыту. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. 2.**Еңбек**:Құстарға жем беру. 3.**Қимылды ойын**:"Ұшты-ұшты" **4.Жеке жұмыс:**Нұрасыл мен Аружаннан қыс ерекшелігін сұрау.. **5.Еркін ойындар** |
| **Серуеннен оралу** | 12.00-12.20 | Балаларға сыртқы киімдерін шешіп, сөрелеріне ұқыпты жинауға дағдыландыру. Қолдарын таза жууға үйрету. | | | | |
| **Түскі ас** | 12.20-13.00 | Балаларға тамақтану кезінде тыныш отыруға дағдыландыру. Астарына дәмділік тілеу. | | | | |
| **Түскі ұйқы** | 13.00-15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау | | | | |
| | | Жәй әуенді тыңдату арқылы жәйлі,тәтті ұйқыға жатқызу | "Бауырсақ"ертегісін айту арқылы ұйықтату | Жәй әуенді тыңдату арқылы тыныш,жақсы ұйқыға жатқызу. | Балаларды А. Қалаубаеваның «Ертегілер, ертегілер» әуенің тыңдату арқылы ұйықтату. | "Қызыл телпек" ертегісін оқып беру арқылы ұйықтату. |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары** | 15.10-15.40 | Балаларды ұйқыдан оятып,керілу,созылу жаттығуларын жасату.Төсек үстінде қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын,оң аяқтарын көтеру,екі аяғын бірге ұ стап түсіру. | | | | |
| **Бесін ас** | 15.40-16.10 | Балаларды тамақты ұқыпты ішуге дағдыландыру. Балаларға майлықты дұрыс қолдануға үйрету. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар** | 16.10-16.30 | **Вариативтік компонент:"Сиқырлы әлем."** **Тақырыбы**:"Қыс" **Мақсаты:** Қыстың портретін шашырату әдісі арқылы салуды үйрету. Ақша бұлттар, ағаштар салынған көк фонға ақ бояуға малынған қылқаламды шашыратып, жауып тұрған қардың бейнесін көрсету. Шығармашылық ой-қиялды дамыту. Эстетикалық талғамға және қайталанбас сурет салуға тәрбиелеу. Аянадан ата-анасының мамандығын сұрау. | **Сюжеттік рөлдік ойын: "Дүкенші"** **Мақсаты:** Әр мамандықтың иелерін құрметтеуге үйрету, ойынға белсенділік таныту.<br><br>Мадинаға сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны,интонация) сақтауды үйрету. | **«Шалқан»ертегісі** Мақсаты: балаларды ертегі кейіпкерлерімен таныстыру. Ой өрістерін қалыптастырып, ертегі қиялдарына шолу.<br><br>Ақниет пен Аминаттан ертегі кейіпкерлерін сұрау. | **Сурет бойынша әңгіме құрастыру.** **Мақсаты**:Сөйлеу мәнерінің тәсілдерін сақтауға үйрету,сөздік қорларын молайту.<br><br>Ақылбек пен Аружаннан айналадағы заттардың қандай пішінге ұқсас екенін айтқызу. | **Табиғат бұрышындағы жұмыстар:** Гүлдерге су құю,жапырақтарын сүрту.Топты жинау жұмыстарын ересектер көмегімен жүргізіп, кейбір еңбек әрекеттеріне ынталандыру<br><br>Айназ бен Бекжаннан қыс ерекшелігін сұрау. |
| **Серуенге дайынды** | 16.30-16.50 | Балаларға ішке киетін киімдерін сөрелеріне жинап, сырт киімдерін кигізу. | | | | |
| **Серуен** | 16.50-17.50 | **Көліктерді бақылау.** **Мақсаты:**Көліктердің пішіні мен түстерін ажырата білу. **Қимылды ойын**:Мысық пен тышқан" **Мақсаты**:Балаларды жылдамдылыққа,шапшандыққа үйрету. **Еркін ойындар** | **Кешкі ауа-райын бақылау.** **Мақсаты:**Қыс мезгілінің ерекшелігін сезіну **Қимылды ойын**: "Жалауша" **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу **Еркін ойындар** | **Құстарды бақылау** **Мақсаты:** Торғай мен көгершінді салыстыру. **Қимылды ойын:"Ақсерек,көк серек"** **Мақсаты:** Балаларды ұйымшылдыққа,шапшаңдыққа үйрету.Ойынды ойын | **Ағаштарды бақылау.** **Мақсаты:** Аласа ағаштардың негізгі бөліктерімен таныстыру. Өсімдіктер әлеміне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу **Қимылды ойын:** "Күн мен жаңбыр" **Мақсаты:** Балаларды шашыраңқы жан- | **Қыс мезгілінің ерекшелігін бақылау.** **Мақсаты:**Қыс мезгілінің ауа райын сезіну. **Қимылды ойын:** "Қай жерден дыбыс шығады" **Мақсаты:** Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | барысында түсіндіру **Еркін ойындар** | жаққа жүгіруге және бір-біріне соғыспауға үйрету | кеңістікте бағдарлау, ептілікке үйрету. **Еркін ойындар** |
| **Серуеннен оралу** | 17.50-18.00 | Аяқ киімдерін кіре беріс жерге шешуге,киімдерін ретімен шешіп,жинап қоюға дағдыландыру.Қолдарын дұрыс жууға үйрету.құрғатып сүртулерін қадағалау. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | 18.00-18.30 | Ата-аналармен балалардың тәртібі туралы сөйлесу. | Ата-аналарға төлем ақысын ұмытпауды ескерту | Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруін ескеру | Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау. | Балалардың тазалығы туралы әңгімелесу. |